

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 25-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидалары бекітілсін;

2) Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру мөлшері, көздері мен түрлері.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. 2018 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы қаулымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидаларының 5-тармағының 7) тармақшасын, осы қаулымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру мөлшері, көздері және түрлерінің 1-тармағының үшінші абзацын қоспағанда, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 26.10.2018 № 686 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

K. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 12 наурыздағы
№ 320 қаулысымен
бекітілген

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидалары

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 25-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және білім беру ұйымдарында білім алу кезеңінде азаматтарға әлеуметтік көмек берудің тәртібін айқындайды.

2. Мемлекет білім алу кезеңінде:

- 1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
 - 2) интернаттық ұйымдарда тәрбиеленуші және (немесе) білім алушы даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға, мүгедектерге және бала кезінен мүгедектерге, мүгедек балаларға;
 - 3) көмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарындағы балаларға әлеуметтік көмекке арналған шығыстарды толық қамтамасыз етеді.
3. Толық мемлекеттік қамтамасыз ету білім беру ұйымының интернатында тұратын орын, жұмсақ мүкәммал, жабдықтар мен киім-кешек, тамақ, оқулықтар мен медициналық көмек беруді қамтиды.
4. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға білім алуды кезеңінде медициналық көмек тегін медициналық көмектің кепілдендірлген көлемі шеңберінде ұсынылады.
5. Мемлекет білім алу кезеңінде:
- 1) көп балалы отбасылардан шыққан балаларға;
 - 2) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларға;
 - 3) жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарда, мектеп жанындағы интернаттарда тұратын балаларға;
 - 4) дарынды балаларға арналған мамандандырылған интернаттық білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларға;
 - 5) интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілеріне;
 - 6) денсаулық жағдайына байланысты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, жалпы оқыту білім беру бағдарламалары бойынша ұзақ уақыт бойы үйде немесе стационарлық көмек көрсететін, сондай-ақ қалпына келтіру емін жасайтын және медициналық оңалту ұйымдарында оқытын балаларға;
 - 7) "Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамында білім беру гранты бойынша оқытын студенттерге;
 - 8) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқытын студенттерге, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасының бірінші бағытының еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау шеңберінде білім алушыларға;
 - 9) Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалатын өзге санаттағы азаматтарға шығыстарды ішінара өтейді.

Мемлекет осы Қағидалардың 5-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген санаттағы азаматтарға тамағы үшін тамақ құнының 80 пайызы мөлшерінде (20 пайызы ата-аналардың төлемі есебінен жабылады) шығыстарды өтейді.

Осы Қағидалардың 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген және қорғаншылық (қамқоршылық) пен патронаттағы адамдар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарында білім алу кезеңінде жетім балаларға арналған күндізгі рацион құнының 40 пайызы есебінде республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен тегін ыстық тамақтану құқығына ие.

Осы Қағидалардың 5-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген адамдарға мемлекет тамақтану құнының 100 пайызы мөлшерінде ыстық тамаққа кететін шығыстарды өтейді.

Осы Қағидалардың 5-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген адамдарға мемлекет жергілікті бюджет есебінен жетім балаларға арналған күндізгі рацион құнының 40 пайызы есебінде ыстық тамаққа кететін шығыстарды өтейді.

Тамақтануға кететін шығыстар жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша толықтай жергілікті бюджеттер есебінен жабылуы мүмкін.

Орта білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары және жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар осы қаулымен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек берудің мөлшеріне, көздеріне және түрлеріне сәйкес мектепте бір рет тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 13.06.2018 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 03.05.2019 № 241; 20.11.2019 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

6. Білім алу кезеңінде берілетін әлеуметтік көмекті білім беру ұйымдары ата-анасының немесе өзге занды өкілдерінің еркін нысандағы жазбаша өтініші мен мынадай растайтын құжаттардың бірі болған кезде жүзеге асырады:

- 1) көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін – туу туралы күеліктің көшірмесі ;
- 2) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тәрбиеленетін балалар үшін – қамқоршылықты (қорғаншылықты) және патронаттық тәрбиені бекіту туралы анықтаманың көшірмесі;
- 3) мүгедектер және бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар үшін – мүгедектің туралы анықтама немесе даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін –

психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның медициналық қорытындысының көшірмесі;

4) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар үшін – өтініш берушінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушыларға жататынын растайтын анықтама;

5) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін – алған табысы туралы анықтама (жұмыс істейтін ата-аналарының немесе оларды алмастыратын тұлғалардың жалақысы, кәсіпкерлік қызметтен және басқа қызмет түрлерінен түсетін кірісі, балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі кірістер);

6) 5-тармақтың 8) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін – оқу орнына қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесі.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы табыстарының сомасын жыл басынан бастап әлеуметтік көмек көрсетуге қаражат тағайындау үшін өтініш берген сәтке дейінгі барлық айларға (өтініш берген айды қоса алғанда) және отбасы мүшелерінің санына бөлу жолымен айқындалады.

Жан басына шаққандағы орташа табысты есептеу кезінде отбасының құрамында ата-аналары (өзге занды өкілдері) және олардың асырауындағы 18 жасқа толмаған балалар ескеріледі.

Атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балалар үшін білім алу кезеңінде әлеуметтік көмек алу құқығы жыл сайын осы Қағидалардың 6-тармағының 4 және 5) тармақшаларына сәйкес құжаттарды білім беру үйіміна ұсыну арқылы расталуы тиіс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 20.11.2019 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Білім беру үйімі қажетті құжаттармен қоса өтініш түскен күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде оларды қарайды және әлеуметтік көмек ұсыну немесе бастарту туралы шешім қабылдайды.

8. Өтініш берушінің әлеуметтік көмекті заңсыз тағайындауға алып келетін жалған мәліметтер ұсынуы және әлеуметтік көмек алуға әсер ететін жағдаяттар туралы уақтылы хабарламауы азаматтарға әлеуметтік көмекті көрсетуден бастарту болып табылады.

Бастартылған жағдайда жазбаша түрде әлеуметтік көмек ұсынудан бастарту себептері туралы дәлелді жауап беріледі.

9. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру үйымның басшысына:

1) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасынан шықкан білім алушыларға каникул кезеңінде заңнамада белгіленген тәртіппен білім беру үйымдарының қаражаты есебінен олар тәрбиеленген үйымдарға және отбасыларына жолақысын, тәуліктік шығыстарды қаржыландыру;

2) каникул кезеңінде үйымдастырылған демалыс орындарына бармайтын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасынан білім алушыларға тамақтануға арналған тәуліктік норма құнының шегінде қолма-қол ақша бөлу құқығы беріледі.

10. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға білім алу кезеңінде жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық қолікте жеңілдікпен жүру құқығы беріледі.

11. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру үйымының басшысы мүмкіндігіне қарай:

1) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

2) мүгедектерге және бала кезінен мүгедек балаларға еңбек лагерлеріне, пансионаттар мен профилакторийлерге, демалыс үйлеріне, студенттік сауықтыру лагерлеріне, ал медициналық айғақтар болған кезде тиісті бейіндегі шипайжайларға білім беру үйымының қаражаты есебінен тегін жолдамалар береді.

12. Білім алу кезеңінде мемлекеттің толық қамтамасыз етуінде болатын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жол жүруіне байланысты шығыстар оқушының және студенттің жол жүру билеттерінің құны есебімен мемлекеттік білім беру үйымдарының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. Қосымша білім беру үйымдарында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың білім алуы осы үйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

14. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтардың шығындарды мемлекеттік білім беру үйымдарының өтінімдері негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру саласындағы уәкілетті орган республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру кезінде қарайды.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы 12 наурыздагы

№ 320 қаулысымен

бекітілген

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру мөлшері, көздері және түрлері

1. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарында (түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) тәрбиеленетін және оқитын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тамақтандыру, киім-кешекпен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары білім алу кезеңінде әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру мөлшеріне, көздеріне және түрлеріне (бұдан әрі – мөлшерге, көздерге және түрлерге) 1, 2, 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес белгіленеді.

Шаруашылық мүкәммал, жеке гигиеналық заттар, ойыншықтар, көркем әдебиет сатып алуға, мәдени-бұқаралық іс-шараларға жұмсалатын шығыстар сомасы жабдықтар, мүкәммал сатып алуға және ғимараттар мен құрылышқа күрделі жөндеу жүргізуге арналған шығыстарды есепке алмағанда барлық тәрбиеленушілер мен білім алушыларды ұстау құнының кемінде үш пайызы мөлшерінде болады.

"Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамында білім беру гранты бойынша оқитын студенттер үшін тамақтану нормалары мөлшерге, көздерге және түрлерге 5-қосымшага сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 13.06.2018 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 03.05.2019 № 241; 20.11.2019 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ішінен білім алушыларға негізгі орта, жалпы орта, мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын аяқтағаннан кейін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарына (түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) тұсу кезінде берілетін киім-кешек, аяқ киім нормасы мөлшерге, көздерге және түрлерге 6-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Бұдан басқа, осы санаттағы білім алушылар үшін екі айлық есептік көрсеткіш сомасында біржолғы ақшалай жәрдемақы көзделген.

3. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ішінен білім алушыларға негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын аяқтағаннан кейін (түріне және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан) берілетін киім-кешек, аяқ киім, жұмсақ мүкәммал, жабдықтар нормасы мөлшерге, көздерге және түрлерге 7-қосымшаға сәйкес белгіленеді

Бұдан басқа, осы санаттағы білім алушылар үшін төрт айлық есептік көрсеткіш сомасында біржолғы ақшалай жәрдемақы көзделген.

4. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедектерді және бала кезінен мүгедектерді, мүгедек балаларды, көп балалы отбасылардан шыққан балаларды, интернаттық ұйымдарда тәрбиеленетін, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балаларды, кәмелеттік жасқа толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарындағы балаларды тамақтандыру, киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары мөлшерге, көздерге және түрлерге 4 және 8-қосымшаларға сәйкес белгіленеді.

5. Мемлекеттің толықтай және ішінара қамтамасыз етуіндегі жалпы және шипажайлық ұлгідегі мектеп-интернаттарда тұратын балалар мен білім алушыларды тамақтандыру, жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары мөлшерге, көздерге және түрлерге 4 және 9-қосымшаларға сәйкес белгіленеді.

6. Мемлекеттің толықтай және ішінара қамтамасыз етуіндегі дарынды балаларға арналған мамандандырылған интернаттық білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыру, киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары мөлшерге, көздерге және түрлерге 9 және 10-қосымшаларға, ал респубикалық әскери мектеп-интернаттары үшін - 9, 13 және 14-қосымшаларға сәйкес белгіленеді.

7. Сәбілер үйіндегі балаларды тамақтандыру, киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары мөлшерге, көздерге және түрлерге 11 және 12-қосымшаларға сәйкес белгіленеді.

7-1. Орта білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең тәменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан тәмен отбасылардан шыққан білім алушыларын және жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мектепте тамақтандыру нормалары әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру мөлшеріне, көздеріне, түрлеріне 15-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

Ескеरту. 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты мемлекеттік білім беру ұйымдары демеушілік және қайырымдылық көмектер алатын және қолданыстағы заңнамаға сәйкес ақылы турде тауарлар (жұмыстар, қызметтер) ұсынудан түсетін қаражат әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға олардың білім алуы кезеңінде әлеуметтік көмек ұсыну көзі болып табылады.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және түрлеріне
1-қосымша

**Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған үйымдарда (түрі мен ведомстволық бағыныстырылғына қарамастан)
тәрбиеленетін және (немесе) білім алатын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды киіммен, аяқ киіммен және жумсақ мүкеммалмен қамтамасыз ету нормалары**

Атауы	Өлшем бірлігі	Мектеп жасындағы бір тәрбиеленушіге			Мектеп жасына дейінгі бір тәрбиеленушіге		
		саны	киілу мерзімі (жыл)	(саны	киілу мерзімі (жыл)		
1	2	3	4		5	6	
Киім-кешек							
Қысқы пальто, тон	дана	1	2		1	2	
Маусымдық пальто, күрте	"	1	2		1	2	
Мектеп киімі	жиынтық	1	1		-	-	
Ер балалардың мақта-матадан тігілген ақ көйлектері	дана	2	2		-	-	
Спорттық киім және кедалар	жиынтық	1	1		-	-	
Ер балалар костюмі	"	3	2		3	1	
Қыз балалардың көйлектері (белдемшелер, блузка)	дана	3	2		3	1	
Қыз балалардың үйде киетін халаттары	"	2	2		2	2	
Ер балалардың мақта-матадан тігілген сыртқы көйлектері	"	3	1		3	1	
Жұннен тігілген мерекелік көйлек	"	2	1		2	1	
Жұннен тігілген мерекелік костюм	жиынтық	1	1		1	1	
Жұннен тоқылған свитер (жемпір)	дана	1	2		2	2	
Жазғы мерекелік көйлек	"	2	1		2	1	
Қыз балалардың гамашы	"	2	1		2	1	
Жазғы бас киім	"	1	1		1	1	
Қысқы бас киім	"	1	2		1	2	
Күзгі-көктемгі бас киім	"	1	2		1	2	
Іш киім	жиынтық	2	1		5	2	
Қол орамал	дана	4	1		4	1	
Ер балалар шалбарының белбейі	"	1	1		-	-	
Жартылай жұнді шарф	"	1	2		1	2	
Қолғап (биялай)	жұп	2	1		3	2	
Қыз балалардың бюстгалтері	дана	4	1		-	-	
Майкалар, трусилер	"	6/3	1		6/3	1	
Мақта-матадан тоқылған колготки, шұлық, гольфтар	жұп	5	1		6	1	

Жұннен тоқылған колготки, шұлыш, гольфтар	"	6	1	6	1
12 мен 18 жас аралығындағы қыздарға арналған гигиеналық заттар	"	150	1	-	-
Бәтеңкелер, туфлилер (сандалии)	"	3	1	3	1
Кроссовкалар	"	1	1	1	1
Үйде киетін аяқ киім	"	2	1	3	1
Етіктер, бәтеңкелер (қыскы)	"	1	1	1	1
Резеңке етіктер	"	1	2	1	1
Спорттық бас киім	"	1	2	1	2
Тұнгі жайделер, пижамалар	"	2	1	2	1
Колготки (жұқа)	"	5	1	6	1
Алжапқыштар (көкірекшелер)	"			2	1
Құмда жату, шомылу, малту іш киімдері	"	1	1	1	1
Жұмыс киімі	жиынтық	1	2	1	2
Портфель, сөмке	дана	2	2	-	-
Шабадан	"	1	5	1	5
Жұмсақ мүкеммал					
Ақ жайма	дана	3	2	5	2
Көрпе тысы	"	2	3	3	3
Жастықтың тысы (ішкі)	"	1	4	1	4
Жастықтың тысы (сыртқы)	"	3	2	3	2
Мақта-матадан жасалған вафельді сұлгі	дана	3	2	3	2
Түкті сұлгі	"	3	3	3	2
Жұннен немесе мақтадан жасалған көрпе	"	1	6	1	6
Түкті көрпе	"	1	4	1	4
Матрац	"	1	4	1	3
Жастық	"	1	8	1	8
Төсек жапқыш	"	1	6	1	6
Кереует алдындағы кілемше	"	1	4	1	4

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және
турлеріне
2-қосымша

Мемлекеттік техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру үйімдарында (түрі мен ведомствоның бағыныстырығына қарамастан) білім алатын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкеммалмен қамтамасыз ету нормалары

	Беру нормасы

Атаяу	Олшем бірлігі	ер балалар үшін	қыз балалар үшін	Киілу мерзімі (жыл)
1	2	3	4	5
Киім-кешек				
Жылы күрте	дана	1	1	2
Жасөспірімдердің жүннен тігілген үштік костюмі	жиынтық	1	-	2
Қыздардың жүннен тігілген үштік костюмі	"	-	1	2
Қыздардың блузкасы	дана	-	1	1
Жасөспірімдердің жейдесі	"	1	-	1
Қыздардың қыскы көйлегі	"	-	1	1
Қыздардың блузкасы мен белдемшесі	"	-	1	1
Жасөспірімдердің мақта-матадан тігілген костюмі	жиынтық	1	-	1
Жасөспірімдердің майкасы	дана	2	-	1
Қыздардың іш көйлегі	"	-	2	1
Қыздардың лосинасы	"	-	2	1
Трусилер	"	4	4	1
Б а с к и і м :				
қысқы	"	1	1	2
күзгі	"	1	1	2
Туфли	жұп	1	1	1
Бәтеңке	"	1	1	1
Жылы етік (қысқа қонышты етік)	"	1	1	1
Ауылдық кәсіптік лицейлер оқушылары үшін керзі етік	"	1	1	1
Жасөспірімдердің қыска жең жейдесі	дана	2	-	1
Қыздардың жазғы кейлегі	дана	-	2	1
Спорттық шәркелер	жұп	1	1	1
Қолғап (биялай)	"	2	2	1
Мақта-матадан тоқылған шұлықтар	"	4	2	1
Жұннен тоқылған шұлықтар	"	2	2	1
Колготки	дана	-	4	1
Жартылай жүннен тоқылған колготки	"	-	2	1
Орамал (шарф)	"	1	1	1
Қол орамалдар	"	4	4	1
Жаттығу костюмі	жиынтық	1	1	1
Бюстгалтер	дана	-	4	1
Қыздардың тұнде киетін жейдесі	"	-	1	1
Қыздарға арналған гигиена заттары	"	-	150	1
Жұмсақ мүкеммал				
Ақ жайма	дана	3	3	2
Көрпе тысы	"	2	2	3

Жастықтың тысы (ішкі)	"	1	1	4
Жастықтың тысы (сыртқы)	"	3	3	2
Мақта-матадан жасалған вафельді сүлгі	"	3	3	2
Тұкті сүлгі	"	3	3	3
Жұннен немесе мақтадан жасалған көрпе	"	1	1	6
Тұкті көрпе	"	1	1	4
Матрац	"	1	1	4
Жастық	"	1	1	8
Төсек жапқыш	"	1	1	6
Кереует алдындағы кілемше	"	1	1	4

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және
түрлеріне
3-қосымша

Балалар бөбекжайында, балабақшаларда және мектепке дейінгі санаторий үйымдарында тәрбиеленетін балаларды тамақтандыру нормалары (бір балаға күніне граммен)

Атауы	Балалардың жас мөлшері						Санаторий үйымдарында	
	3 жасқа дейін		3 жастан 7 жасқа дейін					
	Үйымдарда болу ұзақтығы							
	9-10,5 сағат	12-24 сағат	9-10,5 сағат	1 2 сағат	2 4 сағат	3 жасқа дейін	3-7 жасқа дейін	
1	2	3	4	5	6	7	8	
Азық-тұлік								
Бидай наны	55	60	80	110	110	70	110	
Қара бидай наны	25	30	40	60	60	80	60	
Бидай ұны	16	16	20	25	25	16	25	
Картоп ұны	3	3	3	3	3	3	3	
Жарма, бүршақ, макарон өнімдері	20	30	30	45	45	35	45	
Картоп	120	150	190	220	220	150	250	
Әртүрлі көкөністер	180	200	200	250	250	300	300	
Жаңа піскен жемістер	90	130	60	60	150	250	350	
Кептірілген жемістер	10	10	10	10	15	15	15	
Кондитерлік бұйымдар	4	7	10	10	10	10	15	
Қант	35	50	45	55	55	50	60	
Сары май	12	17	20	23	25	30	35	
Өсімдік майы	5	6	7	9	9	6	10	
Жұмыртқа (дана)	0,25	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	
Сұт	500	600	420	500	500	700	700	

Сүзбе	40	50	40	50	50	50	75
Ет	60	85	100	100	100	120	160
Балық	20	25	45	50	50	25	70
Қаймақ	5	5	5	10	15	20	25
Ірімшік	3	3	5	5	5	10	10
Шай	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2
Дәнді кофе	1	1	2	2	2	1	2
Тұз	2	2	5	5	8	5	8
Ашытқы	1	1	1	1	1	1	1

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және
түрлеріне
4-қосымша

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған үйымдарда және интернаттық үйымдарда тәрбиеленетін балалар мен және кәмелетке толмағандарды оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарындағы балаларды тамақтандыру нормалары

Ескерту. 4-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 13.06.2018 № 342 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Атауы	Бір балаға арналған норма (күніне граммен)		
	мектеп жасына дейінгі	мектеп жасындағы	
1	2	3	
Азық-тұлік			
Қара бидай наны	60	150	
Бидай наны	100	200	
Бидай ұны	35	35	
Картоп ұны	3	3	
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері	45	75	
Картоп	300	400	
Көкөністер және басқа да түрлі жемістер	400	470	
Жаңа піскен жемістер	260	250	
Кептірілген жемістер	10	15	
Шырындар	200	200	
Кондитерлік бұйымдар	25	25	
Қант	55	70	
Сары май	35	50	
Өсімдік майы	12	18	
Жұмыртқа (дана)	1	1	

Сұт, қышқыл сұт өнімдері	500	500
Сүзбе	50	70
Ет	95	100
Құс еті	25	30
Балық және майшабақ	60	110
Шұжық өнімдері	10	25
Қаймақ	10	10
Ірімшік	10	12
Шай	0,2	0,2
Кофе	2	4
Какао	1	2
Тұз	8	8
Дәмдеуіштер	2	2
Ашытқы	1	1

Ескертпе:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінде (90 күнге дейін), жексенбі, мереке күндері, каникул күндері тамақтандыруға арналған шығыстар нормасы 10 пайызға көбейтіледі.

2. Жекелеген тамақ өнімдерін алмастыруды "Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін өнімдерді алмастыру кестесіне сәйкес бөлінген қаражат шегінде жүргізуге рұқсат етіледі.

3. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арасынан интернаттық ұйымдардың тәрбиеленушілерін техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға түсү үшін жіберген кезде оларға интернаттық ұйымдарды ұстауға бөлінетін қаражат есебінен жолда болу уақытына қызметтік іссапарлардың нормалары бойынша жол жүру мен тәуліктік шығыстар төленеді. Бұл ретте осы тәрбиеленушілер үшін тамақтандыруға белгіленген шығыстар жүргізілмейді.

4. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баларага арналған білім беру ұйымдарының және барлық үлгідегі интернаттық ұйымдардың басшыларына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға олар каникул күндері, жексенбі және мереке күндері туыстарының немесе жекелеген азаматтардың отбасыларында болған уақытында, сондай-ақ ауырған кезеңде тамақтандыру нормаларына сәйкес азық-түлік немесе тамақтану құны шегінде қолма-қол ақша беруге рұқсат етіледі.

5. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы түзету ұйымдарында оқитын (тұрмай) білім алушылардың тамақтануына арналған шығыстардың ақшалай

нормасы күніне бір білім алушыға арналған тамақтану құнының 75 пайызы мөлшерінде белгіленеді.

6. Музыка немесе көркемөнер колледжінің бір білім алушысын тамақтандыру нормалары мектеп жасындағы бір балаға арналған тамақтандыру нормаларына сәйкес келеді.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және
турлеріне 5-қосымша

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру үйімдарында оқитын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалар арасынан шыққан білім алушылар мен студенттерді және "Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамында білім беру гранты бойынша оқитын студенттерді тамақтандыру нормалары

Ескерту. 5-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 20.11.2019 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Атауы	Бір адамға арналған норма (күніне граммен)
1	2
Азық-тұлік	
Кара бидай наны	170
Бидай наны	280
Бидай ұны	35
Картоп ұны	3
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері	75
Картоп	400
Көкөніс және басқа түрі	470
Жаңа піскен жемістер	250
Шырындар	200
Кептірлген жемістер	15
Қант	70
Кондитерлік бұйымдар	25
Кофе	4
Какао	2
Шай	2
Ет	160
Күс еті	30
Балық, майшабақ	110

Шұжық өнімдері	25
Сұт, қышқыл сұт өнімдері	500
Сүзбе	70
Қаймақ	10
Ірімшік	12
Сары май	50
Өсімдік майы	18
Дәмдеуіштер	2
Тұз	8
Ашытқы	1
Жұмыртқа (дана)	1

Ескертпе:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінде (90 күнге дейін), жекенебі, мереке күндері және каникул күндері тамақтандыруға арналған шығыстар нормасы 10 пайызға көбейтіледі.

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарында білім алушыларға ыстық тамақ болмаған кезде, сондай-ақ бір-екі рет тамақтандырылған кезде білім алушыларға тамақтың орнына алынған ыстық тамақтың өтелмеген құнының мөлшерінде (саудалық үстеме бағасы ескеріле отырып) толық немесе ішінара ақшалай өтемақы төленеді.

3. Жоғары білім беру үйымдарында және "Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамында білім беру гранты бойынша білім алатын студенттерді тамақтандыру шығыстарын төлеу жеке тұлғаларға олардың сомаларын банкте ашылған ағымдағы шотқа аудару арқылы ақшалай баламада жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және түрлеріне
6-қосымша

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға арналған білім беру үйымдарын бітірушілерге техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру үйымдарына (турі мен ведомствоның бағыныстырылуына қарамастан) оқуға түсken кезде берілетін киімнің, аяқ киімнің нормалары

Атауы	Өлшем бірлігі	Бір тәрбиеленушіге арналған саны
1	2	3
Маусымдық пальто немесе жылы күздік күрте	дана	1
Бас киім (күзгі)	"	1
Жылы шарф	"	1
Колғап	жуп	1

Аяқ киім	"	1
Үйде киетін шәрке	"	1
Қыздарға арналған іш көйлек	дана	2
Тұнде киетін жейде (көйлек), пижама	"	2
Бюстгалтер	"	2
Қыздар гамашы	"	2
Колготкилер	жүп	2
Жасөспірімдер майкасы	дана	2
Трусилер	"	2
Мақта-матадан тоқылған шұлық	жүп	2
Трико	дана	1
Жасөспірімдердің мақта-матадан тігілген көйлегі	"	2
Шалбар (ерлерге арналған)	"	1
Жұннен тігілген ер балалар костюмі	жиынтық	1
Жұннен тігілген қыздар костюмі	жиынтық	1
Мақта-матадан тігілген қыздар көйлегі	дана	1
Үйде киетін халат	"	1
Қол орамал	"	2
Сұлгі	"	1
Шабадан немесе сөмке	дана	1
Жеке гигиена заттары: иіс сабын және кір сабын сусабын паста тіс щеткесі	дана " " " "	2 1 1 1

Ескертпе: Жоғарыда аталған киімдер және аяқ киімдер тізбесімен қамкоршылықтағы (қорғаншылықтағы), патронаттағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалар қамтамасыз етіледі

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және түрлеріне
7-қосымша

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалар арасынан балаларды жұмысқа жіберу және жұмысқа орналастыру кезінде оларға берілетін киімдердің, аяқ киімдердің, жұмсақ мүкәммалдың, жабдықтардың нормалары

Атауы	Өлшем бірлігі	Заттар саны	
		ер балаларға	қыз балаларға
1	2	3	4
Киім-кешек			

Кысқы пальто	дана	1	1
Маусымдық пальто, күрте	"	1	1
Бас киім: қысқы күзгі	"	1	1
Жылды шарф	"	1	1
Қолғап (биялай)	жұп	1	1
Аяқ киім: күзгі жазғы	"	1	1
қысқы жылды	"	1	1
Шәрке	"	1	1
Іш киім	жиынтық	2	-
Іш көйлек	дана	-	1
Тұнде киетін жейде	"	-	1
Бюстгалтер	"	-	4
Колготки	жұп	-	2
Костюм, мерекелік көйлек	дана	1	1
Спорттық костюм	жиынтық	1	1
Жібек блузка	дана	-	1
Мерекелік көйлек	"	1	-
Жұн матадан тігілген сарафан (белдемше)	"	-	1
Жұн матадан тігілген шалбар	"	1	-
Көйлек, сыртқы блузка	"	1	1
Көйлек (мақта-матадан тігілген костюм)	"	1	1
Жакет немесе жемпір	"	1	1
Қол орамал	"	2	2
Шұлықтар, гольфтар	жұп	2	2
Портфель, сөмке	дана	1	1
Шабадан	"	1	1
Жұмсақ мүкәммал			
Зығыр сұлгі	"	1	1
Тұкті орамал	"	1	1
Жастықтың тысы (ішкі)	"	1	1
Жастықтың тысы (сыртқы)	"	2	2
Жұн көрпе	"	1	1
Ақжайма	"	2	2
Тесек жапқыш	"	1	1
Көрпе тысы	"	2	2
Мақталы матрац	"	1	1
Жастық	"	1	1
Терезе пердесі	жұп	1	1
Жабдықтар			
Кереует	"	1	1

Тумбочка	"	1	1
Үстел	"	1	1
Орындықтар	"	2	2
Бідис-аяқ			
Ас үйлік	жиынтық	1	1
Асханалық	"	1	1

Ескертпе:

Негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары және білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшылары осы тізбеке бөлінген қаражат шегінде жекелеген өзгерістер енгізе алады. Білім алушының қалауы бойынша киімнің, аяқ киімнің, жұмсақ мүкәммалдың және жабдықтың орнына ақшалай өтемақы беруге немесе киімді, аяқ киімді, жұмсақ мүкәммалды және жабдықты өз бетінше сатып алуға екінші деңгейдегі банкке білім алушының жеке шотына аударуға рұқсат етіледі.

Білім алушыға білім беру ұйымын бітірген соң оқу кезеңінде оның пайдалануында болған, кио мерзімі бітпеген киім мен аяқ киімді қалдыруға (қалауы бойынша) рұқсат етіледі.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және түрлеріне
8-қосымша

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедектерді және бала кезінен мүгедектерді, мүгедек балаларды, көп балалы отбасынан шыққан балаларды, интернаттық ұйымдарда тәрбиеленетін қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы балаларды, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының балаларын, кәмелеттік жасқа толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталықтарындағы балаларды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары

Атауы	Өлшем бірлігі	Бір тәрбиеленушіге арналған норма	Киілу мерзімі (жыл)
1	2	3	4
Киім-кешек			
Қыскы пальто	дана	1	3
Маусымдық пальто, күрте	"	1	3
Мектеп киімі	жиынтық	1	2
Ер балалардың мақта-матадан тігілген костюмі	"	1	2
Қызы балалардың мақта-матадан тігілген көйлектері (белдемшелер, блузка)	дана	4	3
Ер балалардың мақта-матадан тігілген сыртқы көйлектері	"	4	2

Жұннен тоқылған свитер (жемпір)	"	1	2
Кыз балалардың рейтүздары (гамаши)	"	1	1
Қол орамал	"	4	1
Ер балалар шалбарының белбейі	"	1	2
Жазғы бас киім	"	1	2
Қысқы бас киім	"	1	3
Жартылай жұннен тоқылған шарф	"	1	3
Қолғап (биялай)	жұп	2	1
Кыз балалардың бюстгалтері	дана	3	2
Трусилер, майка	жұп	6/3	1
Спорттық киім	жиынтық	1	2
Кроссовкалар	жұп	1	1
Мақта-матадан тоқылған шұлықтар, гольфтар	жұп	3	1
Бәтеңкелер, туфлилер	"	2	1
Жұннен тоқылған шұлықтар, гольфтар	"	2	1
Шәркелер	"	1	1
Тұнгі жейде, пижама	дана	2	2
Колготки	"	2	1
Жұмыс костюмдері	жиынтық	1	1
Жұмсақ мүкеммал			
Ақжайма	дана	3	3
Көрпе тысы	"	3	4
Жастықтың сыртқы тысы	"	3	3
Жастықтың ішкі тысы	"	1	5
Сұлгі (аяқ сүртетін сұлгіні қоса алғанда)	"	3	1
Тұкті сұлгі	"	1	2
Жұннен, мақтадан жасалған көрпе	"	1	6
Тұкті көрпе	"	1	5
Матрац	"	1	8
Жастық	"	1	8
Төсек жапқыш	"	1	6

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және түрлеріне
9-қосымша

**Жалпы және санаторийлік үлгідегі мектеп-интернаттарда, мектеп жаңындағы
интернаттарда тұратын және білім алатын балаларды жұмсақ мүкеммалмен
қамтамасыз ету нормалары**

Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Үстали мерзімі(жыл)
1	2	3	4

Жұмсақ мүкәммал

Ақ жайма	дана	3	3
Көрпе тысы	"	3	4
Жастықтың сыртқы тысы	"	3	3
Жастықтың ішкі тысы	"	1	5
Сұлғі (аяқ сұртетін сұлғіні қоса алғанда)	"	3	1
Тұкті сұлғі	"	1	2
Жұннен, мақтадан жасалған көрпе	"	1	6
Бәйкі көрпе	"	1	5
Матрац	"	1	8
Жастық	"	1	8
Төсек жапқыш	"	1	6

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және түрлеріне
10-қосымша

**Дарынды балаларға арналған мамандандырылған интернаттық білім беру
үйімдарында, оның ішінде республикалық әскери мектеп-интернаттарда
тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыру нормалары**

Атауы	Бір білім алушыға арналған норма (күніне граммен)
1	2
Азық-тұлік	
Қара бидай наны	250
Бидай наны, тоқаш тағамдары	300
Бидай ұнны	30
Крахмал	5
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері	125
Қант, тәттілер	120
Бал	20
Кондитерлік бұйымдар	60
Сары май	50
Өсімдік майы	18
Сүт, қышқыл сүт өнімдері	450
Қаймақ	20
Сүзбе	70
Ірімшік	15
Ет, ет өнімдері	390
Шұжық	30
Құс еті	30
Балық, май шабақ	90

Жұмыртқа	50
Картоп	390
Жаңа піскен және консервіленген көкөністер	680
Жемістер, жидектер	660
Шырындар	500
Кептірлген жемістер	15
Шай	2
Кофе	2
Какао	2
Дәмдеуіштер	2
Тұз	15
Ашықты	1

Ескертпе: Жекелеген тамақ өнімдерін алмастыруды заңнамада белгіленген тәртіппен "Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілетін өнімдерді алмастыру кестесіне сәйкес жүргізуге рұқсат етіледі.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және түрлеріне
11-қосымша

Сәбілер үйлеріндегі балаларды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары

Атауы	Балалардың жас мөлшеріне қарай						
	1 жасқа дейін		1 жастан 2 жасқа дейін		2 жастан 3 жасқа дейін		
	саны	кию мерзімі (жыл)	саны	кию мерзімі (жыл)	саны	кию мерзімі (жыл)	
1	2	3	4	5	6	7	
Іш киім және төсек орын жабдықтары							
Іш көйлек, майка, алды ашық женсіз кейлек	25	3	10	3	10	3	
Кеудеше, пижама, түнде киетін жейделер	12	3	15	3	6	2	
Тізебасар, трусилер, трико (жылы)	40	3	40	3	10	2	
Тізебасар, трусилер, трико (жаздық)	30	3	30	3	10	2	
Памперстер	6	1 тәулікке	2	1 тәулікке	1	1 тәулікке	
Балалардың ақжаймалары	7	3	8	4	8	4	
Жазғы жаялық	130	3	50	3	10	2	
Жылы жаялық	30	4	10	4	-	-	
Көрпе тысы (балалардың конверттері)	8	3	8	4	5	4	

Жастықтың сырткы тысы	7	3	7	3	5	3
Жастықтың ішкі тысы	1,5	2	1,5	2	1,5	2
Төсөніштік жастықтың тысы	-	-	1,5	3	1,5	3
Балалардың сұлгісі	4	2	8	3	8	3
Косынкалар, тациялар	5	3	5	3	5	3
Кім және аяқ киім						
Жылы костюмдер (көйлектер)	-	-	6	3	6	3
Жазғы костюмдер (көйлектер)	-	-	8	3	8	3
Тоқыма жаттығу костюмдері	-	-	-	-	2	2
Алжапқыштар	-	-	3	2	3	2
Шұлықтар, гольфилер	5	1	10	1	10	1
Колготки	-	-	20	1,5	12	1
Жұннен (жартылай жұннен) тоқылған свитерлер, жакеттер, кеудешелер	1,5	3	2	4	2	4
Рейтуздар	-	-	2	2	2	2
Су өткізбейтін күрте (плащ)	-	-	-	-	1	2
Маусымдық пальто	-	-	1	2	1	2
Қыскы пальто	-	-	1	2	1	2
Жазғы бас киімдер (панамкалар, пилоткалар)	-	-	3	3	3	3
Теріден жасалған балалар бас киімі	-	-	1	3	1	3
Жұннен тоқылған бас киімдер	1,5	2	1,5	2	2	2
Шарфтар, мойын орамалдар	-	-	1	2	1	2
Қолғап	-	-	2	2	3	3
Жұннен тоқылған шұлықтар	4	2	3	1,5	3	1,5
Туфли	-	-	2	1	2	0,5
Бәтеңке	1	1	1	1	1	1
Бәтеңке, жылы етік	-	-	1	2	1	1
Резеңке етіктер	-	-	-	-	1	2
Жылы мерекелік костюм (көйлек)	-	-	1	2	1	2
Жазғы мерекелік костюм (көйлектер)	-	-	1	2	1	2
Жібек капрон ленталар (метр)	-	-	2	2	2	2
Мерекелік аяқ киім (чешкилер және т.б.)	-	-	2	2	2	2
Төсек орын және өзге де керек-жараптар						
Балалар матрацтары	2	3	1,5	3	1,25	3
Мақта салып тігілген жылы балалар көрпелері	2	3	1,5	3	1,1	3
Жұн көрпелер, жартылай жұн көрпелер	1,25	5	1,25	5	1,1	5
Балаларға арналған түкті көрпелер	2,5	3	1,5	3	1,25	3
Матадан жасалған балалар көрпелері	1	5	1	5	1	5
Жастықтар	2	4	1,5	1	1,5	4
Ұйықтайтын қантар	1	4	1	4	1	4
Кереует жанына төсейтін кілемшелер	2	4	2	4	2	4
Үйдис сұртуге арналған сұлгілер	0,25	1	0,25	1	0,25	1

Ескертпе: Сәбилер үйлерінің бас дәрігерлеріне балаларды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкеммалмен қамтамасыз етудің нормаларына бір балаға арналған толық жиынтық құнының шегінде жекелеген өзгерістер енгізуге құқық беріледі.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және түрлеріне
12-қосымша

Сәбилер үйлеріндегі балаларды тамақтандыру нормалары

Атауы	Бір балаға арналған норма (күніне граммен)
1	2
Азық-тұліктер	
Бидай наны	100
Кара бидай наны	50
Бидай ұнны	20
Картоп ұнны	3
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері	35
Картоп	150
Әртүрлі көкөністер	300
Жаңа піскен жемістер	250
Кептірілген жемістер	15
Жеміс шырыны	50
Кондитерлік тағамдар	10
Қант	50
Сары май	30
Өсімдік майы	6
Жұмыртқа (дана)	1
Сүт	700
Сұзбе	50
Ет	120
Балаға және емдәмдік тамақтандыруға арналған ет консервілері	50
Балық	25
Қаймақ	20
Ірімшік	10
Шай	0,2
Кофелік сусын	1
Тұз	5
Ашытқы	1

Ескертпе:

Созымалы іш ауруымен, туберкулезбен ауыратын балалар, әлсіреген балалар үшін, сондай-ақ оқшаулағыштағы ауру балалар үшін 15 пайыздық үстеме беріледі.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру
мөлшеріне, көздеріне және түрлөріне
13-косымша

Республикалық әскери мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілерін киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету нормалары

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Киілу мерзімі (жыл)
Киім-кешек				
1	Жұннен жасалған салтанатты фуражка	дана	1	2
2	Жұннен жасалған салтанатты шығатын мундир погондарымен, ілмектерімен және жеңдегі белгімен (китель-шалбар)	жынынтық	1	2
3	Салтанатты шығатын көйлек погондарымен	дана	1	2
4	Құлақшын	дана	1	2
5	Шұға шинель погондарымен, ілмектерімен және жеңдегі белгісімен	дана	1	2
6	Далалық қеудеше погондарымен, жеңдегі белгісімен және күнделікті камуфляж шалбар	жынынтық	1	1
7	Салтанатты ақ қолғантар	жұп	1	2
8	Мыстан жасалған айылбасы бар тоғасымен солдат белдісі	дана	1	2
9	Мақта-матадан жасаған шұлық	жұп	4	1
Аяқ киім				
10	Қонышы биік қысқы биік	жұп	1	1
11	Жұқа былғардан тігілген қонышты бәтенке	жұп	1	1
Жұмсақ мүкәммал				
12	Монша сұлгісі	дана	1	2
13	Ақжайма	дана	2	2
14	Көрпе тысы	дана	2	2
15	Жастықтың сыртқы тысы	дана	2	2
16	Жастықтың ішкі тысы	дана	1	4
17	Сұлгі (аяқ сұртетін сұлгіні қоса))	дана	3	1
18	Жұннен, мақтадан жасалған көрпе	дана	1	6
19	Тұкті көрпе	дана	1	4
20	Матрац	дана	1	4
21	Мамық қауырсынды жастық	дана	1	8
22	Төсек жапқыш	дана	1	6

Әлеуметтік көмек көрсетілетін
азаматтарға әлеуметтік көмек беру

Республикалық әскери мектеп-интернаттардың мұқтажына арналған жуғыш, тазалағыш заттардың және шаруашылық материалдардың нормалары

P/c №	Атауы	Өлшем бірлігі	Бір сынып жиынтығына бір тоқсанға арналған норма
Жуғыш және тазалағыш заттар			
1	Kip сабын	дана	30
2	Iic сабыны	дана	15
3	Сұйық iic сабын	литр	3
4	Kip жуу ұнтағы	қорап	12
5	Қабырғалар мен керамикалық беткі қабаттарға арналған ұнтақ тазалағыш зат	дана	3
6	Ағартқышы бар гель тазалағыш зат	дана	2
7	Еден жууга арналған ұнтақ зат	дана	4
8	Ыңыс жууга арналған гель зат	литр	1,5
9	Әйнек жууга арналған зат	дана	1
10	Қыша ұнтағы (ыдыстың майын кетіру үшін)	кг	1,5
11	Сантехникалық тораптарды тазалауға арналған каустикалық сода	кг	3
12	Гипохлорид (хлорамин)	кг	6
Шаруашылық материалдары			
13	Дәретхана қағазы (2 қабатты)	орама	60
14	Қағаз майлыштар (100 дана)	қорап	30
15	Сұртетін мата	метр	6
16	Сорго сыпырғышы	дана	1
17	Ши сыпырғыш	дана	1

Ескерте: Шаруашылық материалдарын пайдалану мерзімі:

сорго сыпырғышы - 6 ай,

ши сыпырғышы - 6 ай

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру мөлшеріне, көздеріне және түрлеріне
15-қосымша

Орта білім беру үйімдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің

шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушыларын және жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығының қалған балаларды мектепте бір мэрте тамақтандыру нормалары

Ескерту. 15-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 326 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Атаяу	Мектеп жасындағы бір балаға норма (6 күнге арналып есептелген бір күндік грамм)		
	6 (7)-10 жас	11-14 жас	15-18 жас
1	2	3	4
Өнімдер			
бидай ұны	4	5	7
қара бидай-бидай наны	20	35	40
қалыпты бидай наны	3	4	5
кептірілген нан	2	2,3	3
макароны, бұршақ, жарма	26	35	42
картоп	42	50	57
кекөніс және басқа кекөністер	84	100	118
жаңа піскен жеміс	100	100	100
жеміс шырыны	33	33	33
кептірілген жеміс (құргақ итмұрын)	1	1	1
қант	7	8	9
бал	5	5	5
ет (сиыр еті)	61	73	80
құс еті	28	33	40
жаңа ауланған балық	22	26	28
сүт, қышқыл сүт өнімдері	106	107	108
сүзбе	12	14	16
сүзбеше	50	50	50
ірімшік	2	3	3
сары май	5	6	8
жұмыртқа	1	3	3
өсімдік майы	11	14	15
кисель	4	4	4
картоп крахмалы	2	2	2
йодталған тұз	1	1,5	2
лимон қышқылы	0,2	0,2	0,2

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы 12 наурыздагы

№ 320 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Мұқтаж азаматтарға олардың білім алу кезеңінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы № 738 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., № 23, 261-құжат).
2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы № 738 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қантардағы № 139 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., № 3, 41-құжат).
3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы № 738 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 тамыздағы № 1046 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., № 29, 371-құжат).
4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы № 738 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қазандағы № 1050 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., № 41, 436-құжат).
5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы № 738 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы № 1032 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 37, 490-құжат).
6. "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта атау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі № 847 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 38, 412-құжат).